



GEELY



**OKAVANGO**

## Экстерьер

### Табиғатта белсенді демалуға арналған кең 7 орынды кроссовер

Geely Okavango Оңтүстік-Батыс Африканың қуатты өзенінің құрметіне аталған. Оның дизайны табиғаттың күштілігі мен әсемділігін бейнелейді. Ұзындығы 4.86 метр ұзартылған шанақтың арқасында салон ішінде кеңістік көп және оның ішіне жеті орындық еркін сыяды. Кроссовер отбасылық саяхаттарға, іссапарларға немесе жүк тасымалдауға өте ыңғайлы. Okavango түсті гамманың төрт нұсқасында ұсынылған, оның ішінде керемет көк металлик бар.







## Жарық диодты фаралар

Okavango-ның жарық диодты фаралары әйгілі Стоунхенджен шабыт алған. Олардың жарығы көне тастарды жарып шыққан, жұмбақ пен ұлылық сезімін тудыратын күн сәулелері тәрізді.


---

## Үш секциялы жарық диодты күндізгі жүріс оттары


Жарық диодты күндізгі жүріс шамдары мен бұрылыс көрсеткіштері мұхиттың қуатымен шабытталады. Олардың дизайны қарқынды және ұстамсыз болып көрінеді, олар екпінмен келе жатқан үдемелі және ұлғаймалы толқындарға ұқсайды.

## Көлденең жарық диодты артқы шамдар

244 ләмпішкеден тұратын артқы шамның қызыл жарығы ұзындығы 2,7 метр сызықты құрайды және балқыған лаваның атқылауына ұқсайды. Олардың дизайны артқы бөлігіне энергия мен динамика әсерін қосып, автомобильдің жалпы эстетикасын толықтыра түседі.







## Радиатор торы

Радиатордың алдыңғы торының дизайны қатып қалған сарқырамадан шабыт алған. Онда мұз пішіндерінің статикалық сұлулығы да, табиғи қозғалыстың қуатты энергиясы да бар. Тік ұзын рейкалар автомобиль келбетіне жарқын динамика беріп, визуалды күшеюді арттырады.

## Интерьер

### Тесікті былғарыдан жасалған орындықтар

Орындықтар дизайнында "Zero Pressure" эргономикалық тұжырымдамасы толық жүзеге асырылған, ол дене салмағын орындық үстіне біркелкі бөліп, бұлттарда қалықтап жүргендей жайлылық пен жеңілдік сезімін сыйлайды.







## Жүргізушінің жоғары отыруы және панорамалық шолуы

OKAVANGO салоны алдығы орындықтарының барынша көтеріңкі орналасуымен жобаланған. Панорамалық терезелер бәсекелестермен салыстырғанда 20% кеңірек шолуды қамтамасыз етеді. Ішіңізде бола тұра, Сіз әлемнің шыңында тұрғандай керемет пейзаждан ләззат аласыз.

## Панорамалық люк

Ұзындығы 60 дюйм панорамалық люк табиғи жарықтың салонға түсуіне және бүкіл сапар бойы аспан көрінісінен ләззат алуға мүмкіндік береді. Интеллектуалды жабу жауын-шашын кезінде іске қосылады. 93% ультракүлгін сүзгісі бар әйнек салонды күн сәулесінің зиянды әсерінен қорғайды.



## 7 бөлек орындық

Кроссовер салоны 2 + 3 + 2 ыңғайлы орналасумен тесікті экобылғарымен қапталған 7 толыққанды орынды ұсынады. Сіз сыйымдылықты 5 немесе тіпті 2 орынға дейін оңай өзгерте аласыз. Екінші қатарда ISOFIX стандартындағы балалар автокреслоларына арналған бекітпелер орнатылған.

## Үшінші қатарға екі жағынан кіру

Салонға қолайлы түрде екі жақтан кіру 7 орынды кроссоверге кіріп-шығуды барынша жайлы етеді. Үшінші қатарға арналған өтетін жерінің кеңдігі - 313 мм класс стандарттарынан асып түседі, бұл әсіресе 2 + 2 + 3 типтік орналасумен салыстырғанда айтарлықтай қолайлы.





## Мультимедиа

Кроссовер түсті сенсорлық экраны бар 12.3 дюймдік орталық СК-дисплейден тұратын мультимедиялық жүйемен жабдықталған. 6 динамигі бар AM/FM аудиожүйесі сапалы дыбысты қамтамасыз етеді. Жолаушыларға ыңғайлы болу үшін 4 USB Type-A ағытпалары бар - алдыңғы және артқы орындар үшін екеуден. USB (Mirror Link) арқылы мультимедиялық дисплейге смартфон экранын қайталау функциясы қолжетімді. Apple CarPlay Apple базасында ұялы телефондары бар жүйені синхрондауға және пайдалануға көмектеседі.

## Жүксалғыш

Жүксалғыш өз сегментінде неғұрлым сыйымдылардың бірі болып табылады. Артқы орындықтар тегіс бет жасай отырып жиналады, үшінші қатар түсірілген кезде жүксалғыштың көлемі 628 литрді құрайды, екінші және үшінші қатарлар түсірілген кезде сыйымдылық 2360 литрге дейін ұлғаяды.



## Денсаулық сақтау

Geely Okavango-да CN95 салон сүзгісі жолаушыларды зиянды заттар мен аллергиялардан қорғай отырып, ауаны тиімді сүзуді қамтамасыз етеді. Тазалау жүйесі салондағы ауаның таза және балғын болуын қолдайды.

## Құралдар тақтасы

Құралдар тақтасы 10.25 дюймдік СК-дисплеймен жабдықталған, ол автомобильдің жағдайы туралы ыңғайлы форматта ақпарат береді.







## Заттарды сақтауға арналған орындар

Салонда зат сақтауға арналған 49 текшелер мен қуыстар бар. Осының арқасында қажетті заттарды әрдайым қол астында ұстауға болады, бұл сапарларды одан әрі жайлы әрі ұйымдасқан етеді.

## Дөңгелектегі үй ретінде пайдалану мүмкіндігі бар кроссовер (RV)

Екі артқы қатар жиналғанда ұзындығы 2.2 метр болатын тегіс жатын орын пайда болады. Орындықтар жиналған кезде төбеге дейінгі биіктік 84 см құрайды, бұл жайлы жатып, тұру үшін жеткілікті орынды қамтамасыз етеді.



## Технологиялар



## Сенімді қозғалтқыш, керемет басқарылу

Geely Okavango 2.0TD қозғалтқышпен жабдықталған, ол 7,9 секундта 0-ден 100 км/сағ дейін үдеуді және отынның үнемді шығыны кезінде жоғары өнімділікті қамтамасыз етеді. Бұл қозғалтқыш үш жыл қатарынан бүкіл әлем бойынша "Ward's үздік 10 қозғалтқышының" қатарына кіріп, оның сенімділігі мен тиімділігін растауда.

## Трансмиссия

Екі тіркесі бар 380 7DCT трансмиссия үш жыл қатарынан "әлемдегі үздік 10 трансмиссия" атағына ие болуда. 7 жылдамдықты қорап ауыстырып-қосуды бірқалыпты және мейлінше байқалмайтындай қылып жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Роботтың "ылғалды" конструкциясы тиімді салқындатуды қамтамасыз етеді және тозуды азайтады, бұл трансмиссияның қызмет ету мерзімін ұзартады.





## Орташа өлшемді кроссовер

D-класты автомобиль тәуелсіз алдыңғы және артқы аспамен жабдықталған, бұл ретте артқы аспаның жүрісі 200 мм ұлғайтылған. Арнаулы калибрлеу әртүрлі жабындарда оңтайлы жұмысты қамтамасыз етеді. Okavango-ны қалада да, тау жолдары мен тас жолдарда да басқару оңай. Рульдік басқарудың озық жүйесі оған жеңілдік бере отырып, жүргізу мүмкіндіктерін кеңейтеді.



### Бұғатталуға қарсы тежегіш жүйесі (ABS)

Тежеуіш күштерін электронды тарату (EBD) функциясымен.

### Бағамдық тұрақтылықтың электрондық жүйесі (ESP) және бос айналуға қарсы жүйе (TCS)

Бұрылыс бұрышын бақылау арқылы автомобильдің жолдағы тұрақтылығын қамтамасыз етеді және дөңгелектердің бос айналуын болдырмайды.

### Тежеу кезіндегі электрондық көмек жүйесі (BA)

Тежеу жолын қысқарту үшін педальға күрт басу кезінде тежеу күшін арттырады.





## Көтеріле бастаған (NAS) кезіндегі және төмен түсу (HDC) кезіндегі көмек жүйесі

Бұралаң тау жолдарынан өткенде, тік көтерілу және түсу кезінде, сонымен қатар жаман ауа райы жағдайларында көмектеседі. Интеллектуалдық технологиялар автокөліктің тежелуін және үдетілуін автоматтық түрде бақылайды.

## Көлденең тұрақтылық тұрақтандырғыштарының жұмысын электрондық басқару жүйесі (ARP)

Автокөліктің бұрылыстардағы басқарылуын және автокөліктің көлденең позициядағы корпусын тіреуді тіпті тік бұрылыстар жасаған кезде көліктің құлауын және оралуын болдырмау арқылы жақсартады.



## Қауіпсіздік



## Рульдің электр күшейткіші EPS

Дәстүрлі гидравликалық жүйелерді электр компоненттерімен алмастырады, бұл жүргізушіге автомобильді, әсіресе маневрлер жасау мен тұрақтау кезінде жеңіл басқаруға көмектеседі. EPS жолдағы басқарушылық пен тұрақтылықты арттыра отырып, қауіпсіздік жүйелерімен бірлесіп жұмыс істейді.

## 9.3 нұсқасындағы BOSCH

Тұрақтандыру жүйесі жоғары өнімділік пен сенімділікке ие. ABS, EBD, HBA, TCS, ESP, VDC, HHC, HAZ, EPB, AUTOHOLD функцияларының комбинациясы жүргізуші мен жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. 9.3 нұсқасындағы BOSCH ауыр жол жағдайлары мен апаттық жағдайларды қоса алғанда, жолдағы әртүрлі сценарийлерде автомобильдің жақсартылған басқарылуы мен маневрлігін береді.





## Макферсон түріндегі тәуелсіз аспа

Алдыңғы дөңгелектерге басқа дөңгелектің әрекеттеріне қарамастан жоғары және төмен қозғалыс еркіндігін береді. Бұл жолдың кідір-бұдыр жерлерін ыңғайлы өтуін қамтамасыз етеді.



## Қауіпсіздік жастықтары

Кроссовер жолаушыларды қорғауға арналған алты қауіпсіздік жастығымен жабдықталған. Оларға: жүргізуші мен алдыңғы жолаушыға арналған фронталды жастықтар, бүйірлік жастықтар, сондай-ақ қауіпсіздік перделері кіреді. Алдыңғы үш нүктелі белдіктер апат болған жағдайда қосымша қорғауды қамтамасыз ету үшін алдынан кергішпен және тарту күшін шектегішпен жабдықталған.

## Жүргізушіге көмек көрсету жүйелері

### Артқы және алдыңғы тұрақтау сезбектері

Жүргізушіге кедергілердің бар екендігін ескерте отырып, тұрақтау кезінде көмектеседі.







## Айналаны 360°-қа шолу камерасы

Жүргізушіге маневр жасау және тұрақтау кезінде ыңғайлы болу үшін автомобиль айналасындағы қоршаған ортаның толық көрінісін ұсынады.

## Соқыр аймақтарды бақылау жүйесі (BSD)

Жүргізушіге көлік құралдарының бар екендігі туралы ескертеді, бұл жолақты ауыстыру кезінде қауіпті жағдайлардың алдын алуға көмектеседі.




## Тұрақ орнынан артқы жүріспен шығу кезіндегі көмек жүйесі (RCTA)

Кроссоверге жақын қозғалып келе жатқан объектілерді анықтайды және жүргізушіге ықтимал қауіп туралы ескертеді.

## Қозғалыс жолағын ауыстыру кезіндегі көмек жүйесі (LCA)

Көрші жолақтарда көлік құралдарының бар екендігін ескертеді және жүргізушіге басқа қатарға қауіпсіз түрде ауысуға көмектеседі.





## G MOTORS KAZAKHSTAN

[www.geely.kz](http://www.geely.kz)

☎ 9988

Қазақстан бойынша бірыңғай тегін call-center

Суреттерде ұсынылған автомобильдер сериялық модельдерден ерекшеленуі мүмкін. Аталған жабдық опционды болуы мүмкін. Каталогтағы ақпарат ешқандай бөлікте оферта болып табылмайды, оның ішінде жария оферта болып табылмайды (ҚР АҚ 395-бабының 4-тармағына сәйкес). Техникалық сипаттамалар баспаға тапсыру сәтінде дұрыс болып табылады. Отын шығынының параметрлері бағаланып келтірілген, олар ауа райы жағдайлары мен жүргізу стиліне байланысты. Автомобильдердің жиынтықталуы мен бар-жоғы туралы мәліметтерді Geely ресми дилерлерінен анықтаңыз, олардың тізімі [geely.kz](http://geely.kz) сайтында орналастырылған.